

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

2013 жылдың 25 ақпанынан 25 тамызына дейінгі кезеңде акцияларды орналастыру қорытындылары жөніндегі

## № 11 Е С Е П

### 1. Қоғамның атауы және оның орналасқан жері.

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешені, 8 қабат.

### 1-1. Қоғамның мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы мәліметтер.

Тіркеу нөмірі 1952-1910-01-АО (бизнес-сәйкестендіру нөмірі – 931240000220) Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі Алматы қ. Әділет департаментімен 2004 жылдың 07 қантарында берілген.

### 2. Жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткен күні (жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігін ауыстыру) және шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі.

Қоғамның жарияланған акциялар шығарылымын 2008 жылдың 25 тамызында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі тіркеген және А1003 нөмірімен Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізген.

2012 жылдың 20 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті алдында берілген жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігін орналасқан жері өзгеруіне байланысты ауыстырды. Жарияланған акциялардың шығарылымы Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне №А1003 нөмірімен енгізілді.

### 3. Қоғамның қаржылық есеп беру мәліметтеріне сәйкес жарғылық және меншікті капиталы жөніндегі мәліметтері.

2013 жылдың 31 тамызы күнінің соңында қоғамның жарғылық капиталы 2 366 256 242 (екі миллиард үш жүз алпыс алты миллион екі жүз елу алты мың екі жүз қырық екі) теңге 54 тиын, ал оның меншікті капиталы 4 544 639 368 (төрт миллиард бес жүз қырық тиөрт миллион алты жүз отыз тоғыз мың үш жүз алпыс сегіз) теңге 96 тиынды құрады.

### 4. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамның акцияларын шектелмеген инвесторлар шеңберінде орналастыру туралы хабарламаларды жариялау датасы, осы бұқаралық ақпарат құралдарының атаулары.

Есеп беру кезеңі бойы қоғам өз акцияларын шектелмеген инвесторлар шеңберінде орналастыру туралы шешім қабылдаған жоқ, сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарламалар жарияламады.

### 4-1. Қоғам өзінің акционерлеріне олардың қоғам акцияларын артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын акцияларды сатып алу ұсынысын назарына жеткізу туралы ақпарат:

- 1) акционерге жеке жазбаша ескертпе жолдау арқылы, осы ескертпені жолдау датасы және акционердің осы ескертпені алған датасын көрсетумен;
- 2) аталмыш ұсынысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы, бұқаралық ақпарат құралының атауын және жарияланымның датасын көрсетумен.

Есептік кезеңде қоғам, акционерлердің қоғам акцияларын артықшылықты сатып алу құқығын жүзеге асыру мақсатында, өз акцияларын акционерлер арасында орналастыру туралы шешім қабылдамағанына байланысты толықтырылмайды.

**5. Акциялар туралы мәліметтер:**

- 1) жарияланған акциялардың жалпы саны – 5 000 000, соның ішінде:  
жай акциялар – 5 000 000;  
артықшылықты акциялар – жоқ;
- 2) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілденген мөлшері - қоғамның артықшылықты акцияларының болмауына байланысты, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілденген мөлшері белгіленген жоқ;
- 3) егер акциялардың конвертациясы жүзеге асырылатын болса, конвертациялау тәртібі мен конвертацияланған акциялардың санын көрсету қажет – есеп беру кезеңі бойы бағалы қағаздардың конвертациясы жүзеге асырылған жоқ.

**6. Аукциондарды өткізу шарттары мен тәртібі туралы және жазылу туралы қоғамның ішкі құжатының датасы мен қабылдануы туралы мәліметтер.**

Аталған құжат қоғаммен қабылданбаған.

**7. Қоғамның акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізуі туралы мәліметтер, енгізілген болса, енгізу датасын көрсету қажет.**

Қоғамның акциялары "Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми тізіміне кіргізілмеген.

**8. Қоғамның акцияларын орналастыру туралы мәліметтер:**

- 1) акцияларды орналастырудың есептік кезеңінің басталған күні – 2013 жылдың 25 ақпаны;  
акцияларды орналастырудың есептік кезеңінің аяқталған күні – 2013 жылдың 25 тамызы;
- 2) акцияларды орналастыру кезеңі, орналастырылған акциялардың жалпы сандары мен акцияларды орналастырудың алдыңғы есеп беру кезеңдеріне ақы төлеу сомаларын көрсетуімен берген акцияларды орналастырудың қорытындылары туралы алдыңғы есеп берулерін бекіту, сонымен қатар, акцияларды орналастырмау жөніндегі ақпаратты ескеру күні:

есеп берудің реттік нөмірі	есеп беруді бекіту күні (орналастыру кезеңі)	осы есеп беру кезеңінің соңындағы орналастырылған акциялардың жалпы саны	орналастырылған акцияларға төленген ақының жалпы сомасы (теңгемен)
1	2004 жылдың 29 сәуірі (2003 жылдың 10 қазаны – қоғамның алтыншы шығарылым акцияларын орналастыру кезеңінің аяқталу датасы белгіленбеген)	258	94 611 180
2	2004 жылдың 29 қазаны (2003 жылдың 10 қазаны – қоғамның алтыншы шығарылым акцияларын орналастыру кезеңінің аяқталу датасы белгіленбеген)	275	100 845 250
3	2005 жылдың 29 сәуірі (2003 жылдың 10 қазаны – 2005 жылдың 10 сәуірі)	280	102 678 800

4	2005 жылдың 08 қарашасы (2005 жылдың 10 сәуірі – 2005 жылдың 01 қазаны)	300	110 013 000
5	2006 жылдың 07 тамызы (2005 жылдың 14 қарашасы – 2006 жылдың 14 мамыры)	421	154 384 910
6	2006 жылдың 27 желтоқсаны (2006 жылдың 14 мамыры – 2006 жылдың 14 қарашасы)	437	160 252 270
7	2007 жылдың 21 тамызы (2006 жылдың 14 қарашасы – 2007 жылдың 14 мамыры)	442	162 085 820
8	2008 жылдың 04 мамыры (2007 жылдың 14 мамыры – 2008 жылдың 14 қаңтары)	450	165 019 500
9	2010 жылдың 19 мамыры (2009 жылдың 25 тамызы – 2010 жылдың 25 ақпаны)	459 888	201 782 886
10	2011 жылдың 05 сәуірі  (2010 жылдың 25 тамызы – 2011 жылдың 25 ақпаны)	544 999	517 290 582

Акцияларды орналастырылмау жөніндегі ақпараттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен) ескерілген:

2009 жылдың 27 наурызы (2008 жылдың 25 тамызы мен 2009 жылдың 25 ақпаны аралығындағы кезеңге);

2009 жылдың 08 қыркүйегі (2009 жылдың 25 ақпаны мен 2009 жылдың 25 тамызы аралығындағы кезеңге);

2010 жылдың 20 қазаны (2010 жылдың 25 ақпаны мен 2010 жылдың 25 тамызы аралығындағы кезеңге);

2011 жылдың 26 қыркүйегі (2011 жылдың 25 ақпаны мен 2011 жылдың 25 тамызы аралығындағы кезеңге);

2012 жылдың 12 наурызы (2011 жылдың 25 тамызы мен 2012 жылдың 25 ақпаны аралығындағы кезеңге);

2012 жылдың 10 қыркүйегі (2012 жылдың 25 ақпаны мен 2012 жылдың 25 тамызы аралығындағы кезеңге);

2013 жылдың 12 наурызы (2012 жылдың 25 тамызы мен 2013 жылдың 25 ақпаны аралығындағы кезеңге);

- 3) есеп беру кезеңінде орналастырылған акциялардың саны мен оларды орналастыру бағаларын белгілеу жөніндегі қоғамның Директорлар кеңесінің шешім қабылдаған күні:

2013 жылдың 31 мамырында қоғамның Биржалық кеңесі (Қоғамның Директорлар кеңесі), қоғамның жай акцияларының 397 014 данасын бір жай акцияға 4 657 теңге 18 тиын бағасымен орналастыру және Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 26 қарашасындағы "Шағын қаржылық ұйымдардың қызметіне қатысты сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңшығарушы актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" № 57-V заңын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне артықшылықты тәртіпте сату туралы шешім (№ 13 отырыс хаттамасы) қабылдады;

- 3-1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заңының 17–2 бабындағы ережелердің қоғам қызметіне ешқандай қатысы жоқ;

- 4) есеп беру кезеңінде орналастырылған және орналастырылмаған қоғам акцияларының саны келесі түрлер бойынша:

- 1) есеп беру кезеңінде 397 014 жай акция орналастырылды;
- 2) орналастырылмағаны – 4 057 987 жай акция;

- 5) есеп беру кезеңінің соңына қоғамның бастамасымен және/немесе оның акционерлерінің талабы бойынша бір жай және артықшылықты акцияларды кері сатып алу бағасын, акцияларды кері сатып алу шешімін қабылдау күнін, сондай-ақ қоғамның орналастырылған акцияларды кері сатып алуға (кері сатып алу түрлерінің әрқайсысы бойынша жеке-жеке) кеткен шығынын көрсетумен кері сатып алынған акциялар саны:

есеп беру кезеңінің аяқталу датасына қоғам акцияларды кері сатып алған жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе құрылтайшылар жиналысымен қоғамның акцияларды кері сатып алуы кезіндегі акциялардың бағасын анықтау әдістемесінің бекітілген күні – "Қазақстан қор биржасы" АҚ акцияларын кері сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесі қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (2008 жылдың 17 қаңтарындағы № 14 хаттама) бекітілді.

## **9. Акцияларды орналастырудың есеп беру кезеңіндегі акцияларды орналастыру (сату) тәсілдері.**

Есептік кезеңде қоғамның 397 014 жай акциясы бір жай акцияға 4 657 теңге 18 тиын бағасымен 1 848 965 660 (бір миллиард сегіз жүз қырық сегіз миллион тоғыз жүз алпыс бес мың алты жүз алпыс) теңге 52 тиын сомасымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне артықшылықты тәртіпте, қоғамның акцияларын тиісті сатып алу-сату келісім-шартын жасасу арқылы, сатылды.

Аталған акциялар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне артықшылықты тәртіпте қоғам акционерлерінің құрылымын Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 26 қарашасындағы "Шағын қаржылық ұйымдардың қызметіне қатысты сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңшығарушы актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" № 57-V заңының талаптарына сәйкестендіру мақсатында сатылды.

## **10. Қоғам акцияларына төлеу амалы, олардың саны мен төлеу сомасын көрсету.**

Қоғам жарғысының 9 бабы, 3 тармағына сәйкес қоғамның акцияларын орналастырғанда немесе қоғам кері сатып алған акцияларын тек ақшамен сатқан жағдайда ғана (Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының 46 бабының 1 тармағына сәйкес) ақы төленуі тиіс:

акцияларды сатып алушының атауы	акцияларға ақы төленгенін растайтын құжат	сатып алынған акциялардың сандары (оларға ақы төлеу сомасы, теңгемен)
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	2013 жылдың 07 маусымындағы № 00960 төлеу тапсырысы	397 014 жай акция (1 848 965 660 теңге 52 тиын)

**10-1. Қоғам акциялары шығарылымы андеррайтерлері (эмиссиялық консорциумдар) туралы мәлімет:**

- 1) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушысының атауы, қоғаммен жасасқан андеррайтер қызметін көрсету туралы келісім-шарттың датасы мен нөмірі, сонымен қатар, эмиссиялық консорциумға қатысушылар туралы – қоғам есеп беру кезеңінде өзінің акцияларын орналастырғанда андеррайтер (эмиссиялық консорциум) қызметін көрсетуге бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларын тартқан жоқ;
- 1-1) андеррайтерлердің акцияларды орналастыру амалы туралы – қоғам андеррайтер қызметін тартпағандықтан, белгіленген жоқ;
- 2) андеррайтерлерге немесе орналастырудың басқа қатысушыларына төленген (төленетін) комиссиялық сыйақылардың орналастырудың жалпы көлемінен және орналастырылған әр акцияға шаққандағы пайыздық көрсеткіштері, сонымен қатар, қоғамның басқа да шыққан шығындары – қоғам андеррайтерлерді және/немесе басқа да орналастыруға қатысушыларды тартпағандықтан, комиссиялық сыйақыларды және басқа да шығындарды қоғам төленген жоқ;
- 3) шығарылым, орналастыру және листингке енгізу шығындарының негізгі категориялары туралы. Егер аталмыш шығындарды эмитент өзі төлемесе, оларды төлейтін тұлғаны атау қажет – қоғамның орналастырылған акциялары есеп беру кезеңінде листингке енгізілген жоқ, осыған байланысты қоғамның өз акцияларын орналастырғанда ешқандай шығындары болған жоқ;
- 4) есеп беру кезеңінде андеррайтерлерсіз орналастырылған акциялардың саны және болашақтағы орналастыру жоспарлары – есеп беру кезеңінде қоғам 397 014 жай акцияларын андеррайтерлерді тартусыз орналастырды, болашақтағы орналастыру жоспарлары белгісіз.

**11. Опциондарды атқару бағалары туралы мәліметтер.**

Қоғам өзінің акцияларына опциондар жасамаған.

**11-1. Қоғамның акцияларының теңгерімдік және нарықтық құндарының тарихы туралы ақпарат.**

Қоғамның бір акциясының баланстық тарихы туралы ақпарат (аяқталған соңғы үш жыл бойынша ақпарат әр бір жыл бойынша, аяқталған соңғы екі жыл бойынша тоқсандар бойынша және акцияларды орналастыру аяқталған күніне дейін (айдың бірінші жұлдызы) соңғы алты ай бойынша көрсетіледі):

қоғамның бір акциясының теңгерімдік құны тиісті мерзімге есептеу үшін мәліметтер белгіленген күн	қоғамның өз капиталы (теңге)	қоғамның орналастырған акцияларының саны, қоғамның өтеуін төлеп алған акцияларды қоспағанда	қоғамның бір акциясының баланстық құны (теңге)
01.01.10	1 679 744 773	457 907	3 668
01.01.11	2 049 232 192	515 043	3 979
01.01.12	2 282 171 253	544 999	4 187
<b>2011 жыл</b>			
01.01.11	2 049 232 192	515 043	3 979
01.04.11	2 160 604 055	544 999	3 964

01.07.11	2 160 382 988	544 999	3 964
01.10.11	2 127 041 128	544 999	3 903
<b>2012 жыл</b>			
01.01.12	2 282 171 253	544 999	4 187
01.04.12	2 281 733 126	544 999	4 187
01.07.12	2 281 542 644	544 999	4 186
01.10.12	2 281 078 750	544 999	4 185
<b>соңғы алты ай</b>			
01.03.13	2 476 882 093	544 999	4 545
01.04.13	2 476 911 789	544 999	4 545
01.05.13	2 477 000 200	544 999	4 545
01.06.13	2 477 060 096	544 999	4 545
01.07.13	4 326 126 247	942 013	4 592
01.08.13	4 326 204 265	942 013	4 593

## 12. Дивиденд төлеу туралы мәліметтер:

- 1) аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша дивидендтері төленген акционерлер санын, жай және артықшылықты акциялар бойынша есептелген және төленген дивидендтердің жалпы сомасын (бюджетке есептелген және төленген салық сомасын) көрсетумен, тиісті шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамаларының деректемелеріне сілтеме бере отырып, соңғы дивидендтерді төлеу датасы:

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы (2013 жылдың 30 мамырындағы № 22 хаттама) 2012 жылдың қорытындысы бойынша қоғам акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады.

- 1-1) қоғамның дивидендтерді төлеу туралы хабарламасын жариялаған бұқаралық ақпарат құралдарының атауы, аталмыш хабарламаны жариялау күнін көрсетумен - қоғам дивидендтерді төлеу туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялаған жоқ;

- 2) аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша бір жай және артықшылықты акцияға есептелген және төленген дивидендтер мөлшері, сондай-ақ бір жай және артықшылықты акцияға таза табыстың мөлшері:

қоғам өзінің жай акциялары бойынша 2012 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд төлеген жоқ;

2012 жылдың қорытындысы бойынша бір жай акцияға таза пайданың мөлшері 361 теңге 41 тиынды құрады;

- 3) дивидендтерді уақытылы төлеу бойынша қарыз жағдайлары болса, оның туындау себептерін және акцияны орналастыру кезеңі аяқталған датасына қарыз сомасын көрсету, бұл ретте қоғамның акционерлер алдында қарызын өтеу бойынша қолданған шараларын көрсету:

Қоғамның жай акцияларын орналастыру кезеңінің аяқталу датасына дивидендтерді төлеу бойынша қарыз сомасы 3 763 082 теңге 50 тиынды құрады, қоғамның екі акционерімен байланыс үзілгендіктен және қажетті банктік деректемелерінің жоқтығынан, оларға 2009 және 2010 жылдағы қорытындысы бойынша: Prime Global Co, Ltd (Корея, Сеул қ.) 1 560 302,50 теңге сомасында және "Алан Секьюритис" АҚ-на (Алматы қ.) 2 202 780,00 теңге сомасындағы дивидендтерді төлеу мүмкін болмай отыр.

Аталмын акционерлердің алдындағы берешекті өтеу мақсатында, қоғам олар туралы ақпараттарды іздестіру шараларын қолданды, іздестіру нәтижесінде Prime Global Corporation компаниясымен байланыс орнатылып, жуырдағы уақытта, осы акционерге дивиденд төлеу жүзеге асырылады.

**13. Қоғамның тіркеушісі туралы мәліметтер:**

- 1) қоғамның акциялары ұстаушыларының тізілімін жүргізетін тіркеушінің толық атауы мен мекен-жайы – "Бірыңғай бағалы қағаздардың тіркеушісі" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абылай хан д-лы, 141;
- 2) қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу қоғам мен оның тіркеушісінің 2012 жылдың 12 қыркүйегіндегі бағалы қағаздарды ұстаушыларының тізілімін жүргізу туралы № 00084-АО шартының негізінде жүзеге асырылады.

**14. Қоғам акцияларын орналастырудың аяқталу күніндегі ірі акционерлері туралы мәліметтер.**

Акционерлердің – заңды тұлғалардың толық атаулары	Акционердің – заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (жаңадан тіркеу) номері және күні және акционерлердің нақты мекен-жайлары	Акционерге тиесілі акциялардың сандары акциялардың түрлерін көрсетумен	Акция түрін көрсете отырып акционерге тиесілі акциялардың орналастырылған акциялардың жалпы санына проценттік арақатынасы	Акционерге тиесілі акциялардың дауыс беруші акциялардың жалпы санына проценттік арақатынасы
"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" мемлекеттік мекемесі	1392-1900-У-е, 14 желтоқсан 2001 жыл  Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., "Коктем-3" ы/а, 21	471 949 жай акция	50,10005 (жай акция)	50,10005

**15. Егер орталық депозитарий есепке алу жүйесінде қоғамның он және одан көп пайызбен орналастырылған акцияларына ие акцияларын атаулы ұстаушы акционерлер туралы мәліметтері болмаған жағдайдағы акцияларды орналастыру кезеңінің соңындағы қоғамның акцияларының (қоғамның сатып алған акцияларын есептемегенде) сандары және атаулы ұстаушыларының атаулары туралы мәліметтер.**


Қоғамның он және одан көп пайызын иемденген акционер, осы акцияларды атаулы ұстауға бермегеніне байланысты, толтырылмайды.

Президент

А.М. Жолдасбеков

Бас бухгалтер

И.Б. Қапанова



*Handwritten signature or initials*

*Handwritten signature*

संस्थापक  
प्रमाणित किया जाता है कि  
यह प्रमाणित किया जाता है कि  
23

